«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі

3-сыныптар бойынша 2024–2025 оқу жылындағы жылдық тәрбие жұмыстарына

анықтама

2024–2025 оқу жылында 3-сынып оқушыларымен тәрбие жұмысы бекітілген сынып сағаттарының жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілді.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – оқушылардың бойында адамгершілік, отансүйгіштік, жауапкершілік, еңбекқорлық, достық, өзара сыйластық, қауіпсіз мінез-құлық және отбасы құндылықтарын қалыптастыру.

Жыл бойы сынып сағаттары қауіпсіздік сабақтарымен, жол жүру ережелерімен, «Буллингтен қорған!», «Қамқор», «Еңбегі адал жас өрен», «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Шабыт», «Заң және тәртіп» сияқты тәрбие бағыттарымен сабақтастырыла өткізілді.

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Қыркүйек айында оқушылардың жаңа оқу жылына бейімделуі, мектеп ережелерін сақтау, отбасы құндылықтарын құрметтеу және қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілді.

1. «Мектебім – мейірім мекені!» / «Отаным менің Қазақстан»

Білім күніне арналған сынып сағатында оқушылар мектепке деген сүйіспеншілік, Отанға құрмет және білімнің адам өміріндегі маңызы туралы ой бөлісті.

Қауіпсіздік сабағы: «Төтенше қызмет нөмірлері».

2. «Жүргіншілер қауіпсіздігі» / «Мен және менің отбасым»

Жол қауіпсіздігі бойынша оқушыларға жолда жүру ережелері түсіндіріліп, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі карастырылды. Оқушылар отбасындағы өзара көмек пен жауапкершілік туралы әңгімелесті.

Қауіпсіздік сабағы: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері».

3. «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады»

Анаға деген құрмет, отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету, жылы қарым-қатынас жасау мәселелері талқыланды.

Қауіпсіздік сабағы: «Не жөнінде үндемей қалуға және ата-аналардан жасыруға болмайды?»

4. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы – «Еңбек түбі – береке»

Оқушылар еңбекқорлықтың маңызы, өзіне-өзі қызмет ету, үлкендерге көмектесу және тапсырманы жауапкершілікпен орындау туралы түсініктерін кеңейтті.

Қауіпсіздік сабағы: «Қалай өз-өзіңді қауіпсіз қорғауға болады?»

ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Қазан айында оқушылардың Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға, табиғатты қорғауға және цифрлық ортадағы қауіпсіздікке бағытталған жұмыстар жүргізілді.

5. «Қамқор» жобасы – «Табиғатты қорғау – біздің міндетіміз»

Оқушылар табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану туралы пікір алмасты.

Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамдардың қулығы».

6. «ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері» / «Даналық ұстаздан» челленджі

Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері мен негізгі жол белгілері түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Виртуалды достардан болатын қауіптен қалай сақтануға болады?»

7. «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»

Интернетті қауіпсіз пайдалану, виртуалды ортадағы қарым-қатынас мәдениеті және күдікті жағдайлардан сақтану мәселелері қарастырылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Күдікті заттар анықталғанда жасалатын бес қадам».

8. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы – «Республикам – мақтанышым!»

Республика күніне арналған сынып сағатында Қазақстанның мемлекеттік рәміздері, туған елге деген құрмет және азаматтық жауапкершілік туралы түсініктер қалыптастырылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Ата-аналардың бақылауы бағдарламасы».

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

9. «Ояң, ар мен адалдық!»

Оқушылар адалдық, шыншылдық, әділдік және өз ісіне жауапкершілікпен қарау ұғымдарын талқылады.

Қауіпсіздік сабағы: «Әлеуметтік желідегі қауіпті ойындар».

10. «Ұлттық валюта – теңге»

Теңгенің Қазақстанның ұлттық валютасы ретіндегі маңызы түсіндіріліп, қаржылық сауаттылықтың бастапқы элементтері қарастырылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері».

11. «Буллингтен қорған!»

Буллингтің алдын алу, бір-бірін құрметтеу, достық қарым-қатынас орнату және қиын жағдайда ересектерден көмек сұрау жолдары түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Шұғыл қызмет нөмірлері».

12. «Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік» / «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі»

Оқушылар өз әрекетінің салдарын түсіну, дұрыс тамақтану және денсаулықты сақтау туралы білімдерін толықтырды.

Қауіпсіздік сабағы: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері».

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

13. «Қамқор» жобасы – «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы

Сыныпта және мектепте тазалықты сақтау, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау бағытында жұмыстар жүргізілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Не жөнінде үндемей қалуға және ата-аналардан жасыруға болмайды?»

14. «Буллингтен қорған!»

Оқушылар арасындағы достық пен өзара сыйластықты нығайтуға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Қалай өз-өзіңді қауіпсіз қорғауға болады?»

15. «Ойынға салауатты көзқарас» / ЖЖЕ №4

Ойын кезіндегі қауіпсіздік, уақытты тиімді пайдалану және жүк автомобильдерінде тасымалдауға қатысты жол қауіпсіздігі ережелері түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамдардың қулығы».

16. «Бірлік және ынтымақ» құндылығы / «Жаңа жылдық тарту»

Оқушылар бірлік, достық, өзара көмек және сыйластық құндылықтары туралы ой бөлісті.

Қауіпсіздік сабағы: «Виртуалды достардан болатын қауіптен қалай сақтануға болады?»

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

17. «Мен адалдықты жақсы көремін!» – адалдық сағаты

Оқушылар адалдық, шыншылдық және әділдік туралы түсініктерін кеңейтті.

Қауіпсіздік сабағы: «Күдікті заттар анықталғанда жасалатын бес қадам».

18. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»

Балалардың қауіпсіздігі, өзара сыйластық және зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері талқыланды.

Қауіпсіздік сабағы: «Егер жабайы жануарларды кездестірсем не істеймін?»

19. «Заң және тәртіп» құндылығы / ЖЖЕ №5

Мектептегі тәртіп ережелері, жауапкершілік және қоғамдық орындардағы қауіпсіздік талаптары түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Әлеуметтік желідегі қауіпті ойындар».

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

20. «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»

Қауіпсіз интернетті пайдалану, ақпаратты дұрыс қабылдау және интернеттегі қауіптердің алдын алу мәселелері қарастырылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері».

21. «Шабыт» жобасы – «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет»

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өз мүмкіндіктеріне сенуге және бір-бірінің талантын бағалауға бағытталған жұмыс жүргізілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Төтенше қызмет нөмірлері».

22. «Қауіпсіз қоғам» / «Жолдағы жағдайларды макетте талдау»

Жолдағы түрлі жағдайларды талдау арқылы оқушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдылары бекітілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері».

23. «Тәртіп – тәрбие бастауы»

Тәртіп сақтау, жауапкершілік және қауіпсіз орта қалыптастырудың маңызы түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Не жөнінде үндемей қалуға және ата-аналардан жасыруға болмайды?»

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

24. «Алғыс – ізгі ниет»

Оқушылар ризашылық білдіру, жақсылықты бағалау және адамдарға құрмет көрсету туралы ойларын ортаға салды.

Қауіпсіздік сабағы: «Қалай өз-өзіңді қауіпсіз қорғауға болады?»

25. «Ананың аялы алақаны» челленджі

Анаға құрмет, отбасылық жылулық пен ата-анаға алғыс білдіру құндылықтары дәріптелді.

Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамдардың қулығы».

26. «Наурыз – жыл басы»

Наурыз мерекесінің ұлттық дәстүрлердегі орны, ұлттық құндылықтар, бірлік пен татулық туралы түсініктер кеңейтілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Виртуалды достардан болатын қауіптен қалай сақтануға болады?»

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

27. «Кітап – сарқылмас бұлақ»

Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, кітапты күтіп ұстау және білімнің маңызын түсіндіру мақсатында сынып сағаты өткізілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Күдікті заттар анықталғанда жасалатын бес қадам».

28. «Өмірге салауатты қадам»

Денсаулықты сақтау, дұрыс тамақтану, күн тәртібі және дене белсенділігінің маңызы туралы әңгіме жүргізілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Егер жабайы жануарларды кездестірсем не істеймін?»

29. «Буллингтен қорғаң!»

Буллингтің алдын алу, озара сыйластық, достық және қауіпсіз қарым-қатынас дағдылары нығайтылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз».

30. «Атадан – өсиет, анадан – қасиет»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағыты бойынша отбасы тәрбиесі, үлкендердің өнегесі және ұлттық тәрбие құндылықтары талқыланды.

Қауіпсіздік сабағы: «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері».

31. «Біз әртүрліміз, бір теңбіз»

Оқушылар арасында сыйластық, толеранттылық, озара түсіністік және әр адамның ерекшелігін құрметтеу құндылықтары қалыптастырылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Шұғыл қызмет нөмірлері».

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

32. «Буллингтен қорғаң!»

Оқу жылының соңында оқушылардың қауіпсіз орта, достық қарым-қатынас және бір-біріне қолдау көрсету туралы білімдері бекітілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері».

33. «Отбасы құндылығы – отбасы жылуы»

Отбасының бала тәрбиесіндегі орны, отбасы мүшелеріне құрмет көрсету және отбасылық құндылықтарды сақтау туралы әңгіме өткізілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері».

34. «Білімім – Отаныма!»

Оқушылар оқу жылында алған білімдерін қорытындылап, білімнің Отанға қызмет етудегі маңызы туралы ой бөлісті.

Қауіпсіздік сабағы: «Не жөнінде үндемей қалуға және ата-аналардан жасыруға болмайды?»

ҚОРЫТЫНДЫ

2024–2025 оқу жылында 3-сыныптарда жоспарланған 34 сынып сағаты жүйелі түрде ұйымдастырылды. Сынып сағаттарында тәрбие жұмысының негізгі бағыттары қамтылып, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін, жауапкершілігін, еңбекқорлығын, отансүйгіштік сезімін, достық қарым-қатынасын және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға басымдық берілді.

Сонымен қатар оқу жылы бойы қауіпсіздік сабақтары тұрақты өткізіліп, оқушыларға төтенше жағдайлардағы әрекет ету, жол қауіпсіздігі, интернет қауіпсіздігі, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас, буллингтің алдын алу және табиғаттағы қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Жоспарланған сынып сағаттары барысында оқушылар пікірталас, әңгімелесу, бейнематериалдарды талдау, шығармашылық тапсырмалар, челлендждер, акциялар және практикалық жұмыстар арқылы белсенділік танытты.

Жылдық тәрбие жұмысы оқушылардың қауіпсіз, жауапты, еңбекқор, мейірімді және өзара сыйластыққа негізделген тұлға ретінде қалыптасуына бағытталды.

Жалпы нәтиже: жоспарланған сынып сағаттары мен қауіпсіздік сабақтары өткізілді, негізгі тәрбие бағыттары қамтылды және оқу жылы соңында тәрбие жұмысы қорытындыланды.

Жасалған жұмыстардың дәлелдеме құжаттарының үлгісі қосымшада ұсынылады.

Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі : Алипова Д.О

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М.А.Жадикова